Еліміздің тарихында, әсіресе Кеңес өкіметі дәуірінде әдет-ғұрып құқығы мемлекет және құқық тарихы саласында да, мәдениеттану саласында да, құқық философиясы саласында да қарастырылған жоқ. Бірақ өзге құқықтық жүйелерде де мұндай түсініктемелер түпкілікті сипатта болған жоқ. Әдет-ғұрып құқығы мәселелері жөнінде пікір-талас әдетте нақты мәселелерге қатысты болатын немесе саяси бағыттағы ой-пікірлерге және нақты эмпирикалық тәжірибеге байланысты болды.

Әдет-ғұрып құқығы көптеген әдебиеттерде өзіне ұқсас түсініктермен қатар қолданылады, мысалы әдет-ғұрып құқығы дәстүр ұғымымен теңестіріледі. Бірақ әдет-ғұрып құқығы әрқашан өз бастауын дәстүрлерден алмайды. Әдет-ғұрып құқығы – мазмұны мен даму деңгейі, адамдардың іс-әрекеттері мен қарым-қатынастары белгілі бір әлеуметтік топтың немесе қоғамның сана-сезімінің көрінісі ретінде қарастыруға болатын тұтастықтағы ұғым. Әдет-ғұрып құқығы терминінің өзінің көпқырлылығы мен көп мағыналылығы оны қолдануда және зерттеуде елеулі қиындықтар тудырады. /2/

Әдет-ғұрып құқығында адамдардың өзара қарым-қатынастарының құрылымы нақты анықталған. Ол құрылым қазіргі заманғы құқықта да бар. Бұл құқықтық дамудағы сабақтастықты анықтауға негіз болады. Әдет-ғұрып құқығында құқықтар мен міндеттер ұғымы бөлінбеген, олардан жауапкершілік ұғымы да бөлінбеген күйде еді. Бірақ жеке тұлғаның құқығы қауымның (рудың, тайпаның, қоғамның) құқығынан бөлінбеген, ал жауапкершілік қоғамнан аластатушылық сипатта болды, яғни Кеңес дәуіріндегі зерттеушілер арасында әдет-ғұрып құқығында дамыған құқықтағыдай (қазіргі замандағыдай) мәмілегерлік шешімге келу жоқ деген қате пікір орын алған. Сондықтан әдет-ғұрып құқығын алғашқы қауымдық, ерте кездегі, көне сипаттағы деп, т.б. атайды. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, әдет-ғұрып құқығы деп әртүрлі негіздер бойынша (біріккен еңбектің, күнделікті өмірдің, туыстықтың, көршілестіктің, ортақ этникалық бірліктің, т.б.) біріккен адамдар арасында топтық негізде қалыптасқан әрекеттердің жиынтығы түсініледі. Зерттеулерге қарағанда, бұл құқықтар келісімнің негізінде, яғни олардың қажеттілігіне сенімнің негізінде қалыптасады. Ол ережелерді орындау ерікті түрде болады, бірақ оған қоғам, ру, тайпа қадағалау жасайды және орындалмаса әртүрлі сипаттағы шаралар қолданады.

Әртүрлі нақты факторлардың әсер етуі, әдет-ғұрып құқығының жазылмаған сипатта болуы, әрі бұл жөніндегі деректердің әртүрлілігі әдет-ғұрып құқығы мәселелерін қарастыруда қиындықтар тудырады. Бірақ бірқатар ортақ белгілердің: ортақ территорияның, тілдің, тарихи тәжірибенің, іс жүргізу әдістерінің болуы әдет-ғұрып құқығын ұлттық мәдениеттің бөлігі ретінде қарастыруға негіз болады.

Әдет-ғұрып құқығына төмен баға берудің бірқатар себептерін атап айтуға болады: а) саяси себеп, дәлірек айтқанда Ресей империясының отарлау саясатының жүргізген негізгі бағыттары, Кеңес өкіметі дәуірінің ұстанған саясаты қазақ әдет-ғұрып құқығына жоғары баға беруге кедергі болды. Дегенмен де, қазақ әдет-ғұрып құқығы өзінің өміршеңдігімен сипатталатындығын естен шығармау қажет. Отарлаушылық саясаттың ықпалына қарамастан, көптеген орыс, шетел зерттеушілері, саяхатшылары мен патша тапсырмасымен келген орыс чиновниктері (А.И. Левшин, А. Янушкевич, И. Крафт, Д. Андре, т.б.) қазақ құқығының басты қағидаларының демократиялық сипатта болғандығын атап айтқан еді; б) құқық – мемлекеттің емес, қоғамның туындысы болып табылады және осы қағиданы ескермеген заңгерлердің әдет-ғұрып құқығына деген теріс көзқарасының болуы оған төмен баға беруге себеп болды; в) Кеңес өкіметі дәуірінде әдет-ғұрып құқығын зерттеуші-ғалымдардың өздері репрессияға ұшырап, еңбектері жойылғаны белгілі. Осының өзі әдет-ғұрып құқығына оңды баға беруге кедергі болды. Сондықтанда қазақ әдет-ғұрып құқығын зерттеуді кеңейту, әрі тереңдету қазіргі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Әдет-ғұрыптар адамдар арасындағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуші ретінде бізге көне заманнан белгілі. Мемлекеттік билік тарапынан мақұлданған әдет-ғұрыптар құқықтық мәнге ие болатын және осыдан кейін *әдет* немесе *заң* деп аталатын. Сонымен қатар, қазақ әдет-ғұрып құқығында *жол*, *жора*, *жарғы* терминдері де қолданылды. Қазақ Хандығының басқарушылары үнемі қазақ әдет-ғұрып құқығының кодификациясын жасап отырған. Олардың ішінде XVI ғасырдың басында жасалған “Қасым ханның Қасқа жолы,” “Есім ханның Ескі жолы,” Тәуке ханның “Жеті Жарғысы” атты заң жинақтары белгілі. Бұл топқа қазақ әдет-ғұрып құқығының кейінгі, XIX ғасырдағы қайнар көзі болып табылатын “Ережелерді” де жатқызуға болады. Қазақ әдет-ғұрып құқығының бұл жинақтары жайында қысқаша айтып өтетін болсақ.

“Қасым ханның Қасқа жолы” – Қасым хан (1511-1523) хандық құрған тұста халыққа және билерге сүйеніп, бұрынғы заңға өзгерістер енгізіп, дамытып, қабылданған құқықтық нормалардың жиынтығы. Бұл құқықтық актінің түпнұсқасы бізге жетпеген, бірақ көптеген зерттеуші-ғалымдардың пікірінше ол бес бөлімнен құралған:

- 1) Мүлік заңы (мал-мүлік, жер-су дауларына байланысты бөлім);
- 2) Қылмыс заңы;
- 3) Әскери заң;
- 4) Елшілік заң;
- 5) Жұртшылық заңы.

“Есім ханның Ескі жолы” – Есім хан (1598-1645 жж.) Қасым шығарған заңдарға толықтырулар мен өзгерістер енгізіп, “Есім ханның Ескі жолы” деп аталған заң жинағын жасады. Қазақ тарихындағы бұл заң жинағының да түпнұсқасы бізге жеткен жоқ.

Бізге түгел болмаса да келіп жеткен қазақ әдет-ғұрып құқығының ірі жинақтарының бірі – Тәуке ханның “Жеті Жарғы” заңы. Бірақ бізге бұл заң жинағының XIX ғасырда Г. Спасский мен А.И. Левшин жазып қалдырған кейбір фрагменттері ғана жеткен. Дегенмен де, XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамында қолданылған құқықтық нормалардың анализі кейбір зерттеушілерге “Жеті Жарғы” жеті бөлімнен құралған деген негіз береді. Олар:

- 1) Жер дауы;
- 2) Жесір дауы;
- 3) Неке-отбасы қатынастарын реттейтін құқықтық нормалар;
- 4) Сотта іс жүргізу тәртібін реттейтін құқықтық нормалар;
- 5) Әскери іс және мемлекетті басқару саласындағы құқықтық нормалар;
- 6) *Айып* төлеуді көздейтін қылмыстық құқық нормалары;
- 7) *Құн* төлеуді көздейтін қылмыстық құқық нормалары.

“Жеті Жарғы” заң жинағын жасауға қазақтың атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, т.б. қатысқандығы тарихтан белгілі. “Жеті Жарғы” адам құқықтарын қорғаудағы ерекше құқықтық құжат болып табылғандығында дау жоқ.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы билер сотының практикасымен толықтырылып отырды. Прецеденттік құқық – зерттеудің қызығушылық тудыратын объектілерінің бірі болып табылады, ол нақты іс бойынша бидің шығарған шешімі және ол бұдан былай ұқсас істерді шешуде басшылыққа алынды. Қазақта ауыр дауларды оңай шешкен билер болды. Ол туралы қазақта “Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен” деп билер жайында айтылған фольклорлық деректер көп. Әсіресе мұндай шешімдерді Майқы би, Едіге би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, т.б. билердің практикасынан көп кездестіруге болады. Тіпті атақты билердің биліктері (үкімдері) ұқсас істерді қарағанда міндетті басшылыққа алынып отыратын болған. Билер соты практикасының мұндай сот прецеденті әдет-ғұрып құқығының бастауларының біріне айналды. Оған, мысалы “Тапқан қуанады, таныған алады,” “Қанжыға тон сақтайды, тон жан сақтайды,” “Тұсау ат сақтайды, ат ер сақтайды, ер ел сақтайды,” “Қара халыққа хан ие, кара жерге халық ие,” “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ,” т.б. сөздері көптеген билердің даулы істі шешкенде қолданып, кейінгі билерге өсиет ретінде қалдыруын ерекше атап айтуға болады.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы үнемі қалыптасып, дамып отырды. Барлық әдет-ғұрыптар құқықтың маңызды қайнар көзі болып табылатын билер сотының практикасымен (бидің билігі) толықтырылып, өзгертіліп отырды. Билердің шешімдері ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін ауызша сипатта болды. Олар көбінесе фольклорлық деректерден көрініс тапты. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап билердің үкім-шешімдерінің қысқаша мазмұны жазылған кітаптар енгізілген еді. Билер сотының үкімдері кейде жазбаша құжат түрінде жеке ресімделетін.

Қазақ даласындағы соттық прецеденттерге билер алқалы түрде қатысатын. Билер шешімімен қабылданған үкімдер билер сотының практикасында ұқсас істерді шешуде басқа билер үшін үлгі қызметін атқарған. Билер дауға үкім айтқан кезде Майқы би, Едіге би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, т.б. атақты билердің шешімдеріне сілтеме жасайтын. Мұның өзі қазақ әдет-ғұрып құқығындағы соттық жүйенің өте жоғары деңгейде болғандығының көрінісі, себебі даулы істі алқалы түрде қарастырған кезде белгілі бір құқықбұзушының кінәлі-кінәсіздігін анықтау оңайырақ. /3/

Істі сотта қарастыру кезінде қазақ әдет-ғұрып құқығы айыпталушының жасын, ақыл-есінің дұрыстығын ескерген. 1867 жылғы “Уақытша ережелер” жобасы бойынша Батыс Сібірдің бас басқармасының ұйғарымында: “Билер қылмыстық істерді қарастыруды екі жағдайда қолға алады:

- а) тараптардың шағымы бойынша;
- б) жеке тұлғалардың шағымына қарамастан қудалауға жататын қылмыстар мен құқықбұзушылықтар туралы полициялық және өзге де биліктік өкілеттіктері бар органдардың хабарлауы бойынша,” - делінген.

1893 жылы Токмақ төтенше билер съезінде бекітілген Ережеде: “Когда истца нет, и преступление совершено и известно обществу, которое от этого страдает ... считать подлежащим наказанию по заявлению должностных лиц о совершенном преступлений,” – делінген.

Ғылыми әдебиетте Ережелердің пайда болу дәуірі жайлы екі түрлі көзқарастың орын алғандығын белгілі заңгер-ғалым З.Ж. Кенжалиев орынды ескертеді. Ол: “... зерттеушілердің бір тобы: Т.М. Күлтелеев, Ғ.С. Сапарғалиев, Н. Өсеров, т.б. болжам-пікірінше ережелер көшпелі қазақ қоғамына ежелден тән құбылыс. Сахара жұртының құқықтық өмірінің ұзына бойғы тарихында Ережелердің алатын орны бөлек. Ережелердің даму эволюциясы көшпелілердің құқықтық мәдениеті тарихының кішігірім бейнесін береді ... десе, зерттеушілердің екінші тобы: С.З. Зиманов, С.С. Сартаев, С. Созақбаев, Ш. Андабеков, т.б. Ережелер ХІХ ғасырдың ортасында ғана пайда болған дейді. Яғни бұл Ережелер қазақтар Ресей империясының отары болған дәуірінің туындысы мен көрінісі,” – деп тұжырымдайтынын айтады /4/. Қолда бар Ережелерге қарасақ, оларды екі топтан, бірі көлемді, екіншісі кішігірім көлемде, мәселелер шешілуінің көп-аздығына байланысты екендігін көреміз. Көлемді Ережелер қоғамдағы көкейкесті мәселелерді (жер, құн, барымта,

жесір, мал-мүлік) қамтыса, ал кіші-гірім Ережелер бірлі-жарым мәселелерді (салауат, мал ұрлығы, т.б.) қамтыған. Ережелердің кейбірі (Тоқмақ Ережесі, Шар Ережесі) 100-ден көп баптардан тұрса, кейбірі санаулы ғана баптарды қамтыған. Демек, Ережелер қазақ қоғамында билер кеңесінің ықпалына, әрі таралу ауқымына қарай қабылданып отырған деген қорытындыға келуге болады.

Қазақ әдет-ғұрып құқығына Ресей империясының заңдары да, әсіресе Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін, дәлірек айтсақ, отарлау саясатын жүзеге асыру барысында Ресей империясының жүргізген реформаларын енгізу кезінде көп әсер етті. /7/

Ереже бойынша қазақтың өз жерлері қазақтардың қоғамдық пайдалануына беріледі деп көрсетілді, қазақтар көшіп-қонғанда әдет-ғұрып құқығы қағидаларын басшылыққа алды. “Ереже” бойынша қыстаулар, егер онда үй-жай, қора-қопсы болса қазақтардың жеке меншігінде бола алады деп көрсетілді (1868 ж. Ереженің 217-параграфы). Жеке меншікке күзгі жайылымдар, шабындықтар, суғарымдар да беріле бастады. /5/

Міндеттемелік құқыққа да өзгерістер енді. Міндеттемелік құқықта толығымен Ресей империясының заңдары қолданылды. Жерді жалға беру енді 1867-1868 жылдардағы Ережелер бойынша ауылдық, болыстық қауымдар орыс өкілдері болып табылатын өнеркәсіпшілерге, көпестерге өздеріне тиесілі жерлерін 30 жылға дейін жалға бере алды. Келісім қағаз жүзінде жасалды. Қазақтардың өз арасында қыстауларды, жайылымдарды жалға беру туралы келісімдер жасалып жатты. Төлем ақы ретінде мал пайдаланылды. Ережеде жалға беруші қауым дегенмен іс жүзінде жалға беру және оның ақысын пайдалану болыстар мен старшындар, билер қолында болды. Төлеңгіттер мен құлдық институты жойылған соң байлардың малын бағуға кедейленген қазақтар жалданды. Оларды жалшы деп атады. Жалдаушы байлар мен жалшының арасында келісім ауызша жасалды. Еңбекақы мал түрінде төленді. Жалшының еңбегі өте ауыр болды. Неке-отбасы құқығына да өзгерістер енгізілді. Жесір даулары билер сотының қарауында қала берді. Бірақ билер сотының шешіміне уезд бастығына немесе әскери губернаторға шағым жасауға болатын. 1885 жылғы Семей облысы билерінің Қарамола Ережесінде әдет-ғұрып заңдарына өзгерістер енді. Бұл билер съезіне Абай Құнанбаев қатысқан деген дерек бар. 75-баптан тұратын бұл Ереже әдет-ғұрып құқығының барлық салаларын жаңа кезеңге сай етуге әрекет етті. Қылмыстық әдет-ғұрып құқығы үлкен өзгеріске ұшырады. Бұл саладағы алғашқы өзгерістер 1822 жылғы “Сібір қырғыздарының (қазақтарының) Жарғысы” бойынша жасалған. 1854 жылғы “Сібір қырғыздарына (қазақтарына) империяның жалпы заңдарын қолдану туралы” заңға сәйкес империя заңдары бойынша қаралатын қылмыстардың қатары кеңейтілді. Талион (“қанға-қан”) принципі, кісі өліміне құн төлеу жойылды. Бірақ құн төлеу қазақтар арасында жалғаса берді. Оған дәлел Қарамола Ережесіндегі (1885 ж.) құнның құрамы туралы 26-бап. Қарамола Ережесінде “Әркім өзі үшін өзі күйеді. Малы жоқ деген сөз алынбасын. Бірақ құн турасындағы дауларда мал тартады. Өлтірісіп серік болғандар”. (62-бап), “Кескен адамның малы жоқ болса, айып орнына абақты бұйырады”. Бұл нормалардан қазақтардың бұрынғы қылмыс үшін ру болып ұжымдық жауапты болудың орнына, әркім өзі үшін жауапты деген қағида көреміз. Сондай-ақ абақтыға қамау да бұрын қазақта болмаған, тек Ресейге қосылғаннан кейін ғана қолданылды. Дегенмен қазақтар өз ішіндегі дауларды өздері шешуге тырысты. Қарамола Ережесінде: “Қазақтың өз арасында болатын дауларға орыстан яки ноғайдан уәкілдік алып кіріспесін,” – делінді (70-бап). /6/

Әдебиеттер:

1. Самоквасов Д.Я. Сборник обычного права Сибирских инородцев. Обычай киргизов. – Варшава, 1876. – С. 268.
2. Баллюзек Л.Ф. Народные обычай, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой киргизской орде силу закона // Записки Оренбургского отдела ИРГО. – Казань, 1871. – Вып. II. – С. 153-154.
3. Гродеков Н. Киргизы и каракиргизы Сыр Даринской области. – Ташкент, 1889. – Т. I. – С. 147.

4. Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Материальное право. – Омск, 1886. – Вып. I, II. – 254 с.
5. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. – Алматы: Қазақстан, 1998. – С. 156.
6. Материалы по казахскому обычному праву: Сб. Научно-популярное издание / Сост.: научные сотрудники сектора права АН РК: Т.М. Культелеев, М.Г. Масевич, Г.Б. Шакаев. – Алматы: ТОО “Жалын баспасы”, 1998. – 464 с.
7. Материалы по истории государства и права Казахстана / под ред. Сартаева С.С. – Алматы, 1994. – С. 97.

УДК 343.5 (476)

К ВОПРОСУ О НЕ СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ БЕЛАРУСЬ В СФЕРЕ ОТГРАНИЧЕНИЯ ПОНЯТИЙ «ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ» И «КОММЕРЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ»

А.Г. Кирмель

Студенка Барановичского государственного университета Республики Беларусь
Научный руководитель – Крутько Р.В.

Необходимость изучения теоретического соотношения и практики осуществления предпринимательской деятельности и коммерческой деятельности в настоящее время обусловлена тем, что в юридической, экономической литературе, а также в законодательстве Республики Беларусь эти понятия встречаются довольно часто, порой подменяя друг друга.

Актуальность исследования соотношения понятий «предпринимательская деятельность» и «коммерческая деятельность» обусловлена отсутствием в юридической литературе и нормативных правовых актах, в частности, в Гражданском кодексе Республики Беларусь (далее – ГК) легального (установленного законодателем) определения «коммерческая деятельность», а приведенное в п. 2 ч. 1 ст. 1 ГК определение предпринимательской деятельности вызывает у многих исследователей некоторые споры.

В соответствии с п. 2 ч. 1 ст. 1 ГК предпринимательская деятельность – это самостоятельная деятельность юридических и физических лиц, осуществляемая ими в гражданском обороте от своего имени, на свой риск и под свою имущественную ответственность и направленная на систематическое получение прибыли от пользования имуществом, продажи вещей, произведенных, переработанных или приобретенных указанными лицами для продажи, а также от выполнения работ или оказания услуг, если эти работы или услуги предназначаются для реализации другим лицам и не используются для собственного потребления [1].

Полагаем, что приведенное определение достаточно широко раскрывает понятие предпринимательской деятельности, включая коммерческую деятельность, элементы которой содержатся в данном определении, но не конкретизируются законодателем.

Рассмотрим с этимологической точки зрения значение некоторых понятий, что позволит раскрыть понятие коммерческой деятельности. Для этого обратимся к Словарю русского языка российского языковеда Ожегова С. И., в соответствии с которым понятие «коммерция» означает торговля, торговые операции, понятие «коммерческий» – торговый, а «коммерсант» – человек, занимающийся коммерцией, т.е. торговлей. В указанном словаре «торговля» – хозяйственная деятельность по обороту, купле и продаже товаров [2].

Нужно отметить, что понятие «коммерческая деятельность» не сводится исключительно к системе действий: «купил» – «продал» – «получил прибыль», но и охватывает продажу собственных произведенных или переработанных товаров, т.е. «произвел, переработал» – «продал» – «получил прибыль». При этом все эти действия

должны осуществляться систематически как обязательное условие предпринимательской деятельности.

Следовательно, при осуществлении предпринимательской деятельности, согласно п. 2 ч. 1 ст. 1 ГК, прибыль извлекается от пользования имуществом, продажи вещей, произведенных, переработанных или приобретенных для продажи, а также от выполнения работ или оказания услуг, если эти работы или услуги предназначаются для реализации другим лицам и не используются для собственного потребления, а осуществляя коммерческую деятельность прибыль извлекается посредством торговли, т.е. купли и последующей продажи или продажи товаров, произведенных, переработанных или приобретенных с целью систематического получения прибыли.

На основании изложенного можно сделать вывод, что коммерческая деятельность является разновидностью предпринимательской деятельности, осуществляемой в сфере оборота, купли-продажи товаров, и должна соответствовать признакам предпринимательской деятельности, то есть:

- 1) самостоятельная деятельность;
- 2) деятельность, осуществляемая на свой риск;
- 3) деятельность, направленная на систематическое получение прибыли;
- 4) самостоятельная имущественная ответственность.

Вместе с тем, выделим и ряд отличий. Так, если предпринимательская деятельность регулируется ГК и всей совокупностью нормативных правовых актов, составляющих отрасль хозяйственного законодательства, то коммерческая деятельность регулируется Общей частью ГК, главой 30 «Купля-продажа», а также соответствующими нормативными правовыми актами, регулирующими порядок осуществления оптовой и розничной торговли [3, с. 17].

Таким образом, мы считаем, что коммерческая деятельность – предпринимательская деятельность, самостоятельно осуществляемая физическими и юридическими лицами в гражданском обороте от своего имени, на свой риск и под свою имущественную ответственность и направленная на систематическое получение прибыли от продажи товаров, приобретенных для продажи, а также от продажи произведенных или переработанных товаров, т.е. в сфере торговли.

Резюмируя все вышеизложенное предлагаем изложить пункт 2 части первой статьи 1 Гражданского кодекса Республики Беларусь в следующей редакции:

Предпринимательская деятельность – это самостоятельная деятельность юридических и физических лиц, осуществляемая ими в гражданском обороте от своего имени, на свой риск и под свою имущественную ответственность и направленная на систематическое получение прибыли от продажи вещей (товаров), произведенных, переработанных или приобретенных указанными лицами для продажи (коммерческая деятельность), а также от пользования имуществом, выполнения работ или оказания услуг, если эти работы или услуги предназначаются для реализации другим лицам и не используются для собственного потребления.

Поскольку назначение коммерческой организации, исходя из установленного содержания коммерческой деятельности, сводится только к осуществлению торговли, что не совсем соответствует практике осуществления деятельности коммерческой организации, целесообразно в ст. 46 ГК дефиницию «коммерческая организация» заменить на дефиницию «предпринимательская организация».

В ст. 140 Гражданского кодекса Республики Беларусь считаем необходимым дефиницию «коммерческая тайна» заменить на дефиницию «предпринимательская тайна».

Полагаем, что внесенные нами предложения приведут в последствии к правильному пониманию и разграничению понятий «предпринимательская деятельность» и «коммерческая деятельность», что позволит исключить их взаимозаменяемость и неправильное применение в законодательстве Республики Беларусь.

Литература:

1. Гражданский кодекс Республики Беларусь: Закон Респ. Беларусь, 7 дек. 1998 г., № 218 ; в ред. Закона Респ. Беларусь от 28 дек. 2009 г., № 97-3 // Нац. реестр правовых актов Респ. Беларусь. — 2010. — № 6. — 2/1650.
2. Ожегов, С.И. Словарь русского языка: около 57 тыс. слов / под ред. Н.Ю.Шведовой. – 16-е изд., испр. – М.: Русский язык, 1984. – С. 797.
3. Вабищевич, С.С., Маньковский И.А. Коммерческая деятельность: Основы правового регулирования: практ. пособие / С.С.Вабищевич, И.А.Маньковский. – Минск: Молодежное, 2003. – С. 344.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТҮРЛЕРІ

Курманбаева А.Ш.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті, Астана
Ғылыми жетекші – Мукашева А.А.

Экология мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері түрлі аспектіде, яғни ұйымдастырушылық, технологиялық, экономикалық, медициналық аспектіде қарастырылады. Адамның әрекет ететін кез келген саласында да экологиялық мәселелер кездесетіндігі белгілі. 1998 жылғы 28 қаңтардағы «Қазақстан - 2030» стратегиясын жүзеге асыру шаралары туралы ҚР Президентінің Жарлығында табиғатты қорғауды басқарудың тиімді жүйесін құру басты мақсат ретінде қарастырылған[1].

Жалпы табиғатты қорғау философиялық, діни-наным сенімдермен тікелей байланысты. Ежелгі түркі өркениетінде, соның ішінде дәстүрлі қазақ мәдениеті космоцентрлік көзқарастарға негізделген. Дәлірек айтсақ, дүниені тұтастық деп қарап, адамды оның бір бөлшегі деп қарастырады, қоршаған ортамен тығыз байланысты, келісімді болса ғана адамның табиғатта өмір сүретіндігін айтып өткен. «Әр нәрсенің сұрауы бар» деп қазақ айтпақшы, су, жер, кеңістікті заңсыз пайдаланғаны үшін жауаптылыққа тартылады. Қазіргі таңда экономиканың дамуы техногендік сипат алды. Дамудың бұл түрі табиғаттағы тепе-теңдікті бұзуға бағыттталып, қайта қалпына келтірілметін табиғи ресурстарды көптеп, тез пайдаланумен ерекшеленеді. Нәтижесінде табиғи ресурстар сарқылып, тозып, қоршаған ортаны ластаудың деңгейі көтеріледі, ал кең етек жайған жағымсыз, теріс құбылыстар адамзатқа қатерлі қауіп келтіреді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі мен әлеуметтік-экономикалық қатынастары түбірімен өзгеруде. Соған байланысты экологиялық құқық бұзушылықтарға мемлекеттік құқықтық әсер ету әдістерін таңдауда екі мәселе туындады:

1) бұрынғы құқықтық институттарды нарықтық қатынастар жағдайындағы табиғи ортаны қорғау талаптарына сәйкестендіру;

2) қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы құқықтың түрлі саласында жаңа нормалар шығару, жауаптылықтың дәстүрлік емес түрлерін дамыту.

Экологиялық құқықтық жауаптылық кешенді түрде заңды бекітілуі ҚР Экологиялық кодексінде көрініс табады. Кодекске сәйкес экологиялық құқық бұзушылықтары үшін лауазымды тұлғалар мен азаматтар тәртіптік, материалдық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылады, ал кәсіпорын, мекеме, ұйымдар үшін әкімшілік және азаматтық құқықтық жауаптылыққа тартылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің нормаларына сәйкес әкімшілік жауаптылық аң және балық аулау, жануарлар әлемін пайдаланудың кез келген түрлерін пайдалану ережелерін бұзу, стихиялық апаттар мен эпидемиялармен күресу мәселелері бойынша шешімдерді, карантиндік, ветеринарлық ережелерді бұзғандығы үшін тағайындалады[2].

Жаңа Қылмыстық кодекстің «Экологиялық қылмыстар» тарауында, сонымен қатар, басқа да тарауларында қазіргі кездегі экологиялық қылмыстықтың түрлері мен нысандарымен күресуде жалпымен қабылданған халықаралық нормалармен және талаптарына сәйкес құқықтық демократиялық мемлекетке тән (тұлға, қоғам, мемлекет) әлеуметтік құндылықтардың иерархиясына сәйкес келтіріледі. ҚК қоршаған табиғи ортаны адам өмірінің, денсаулығының, қызметінің биологиялық негізі ретінде тануға негізделген. Бұл тұрғыдан экологиялық қылмыстар нақты мәні бойынша адам және басқа да тірі ағзасының қоршаған ортасына әсер ету арқылы қарсы бағытталған әрекет болып табылады. Бұл қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі туралы түсінік те елеулі түрде өзгереді, өйткені олар қазіргі кезге дейін маңызды емес, екінші деңгейге жатқан, олармен күресу үшін күш пен қаражат аз мөлшерде бөлінген, қылмыстылықпен күресу туралы мемлекеттік бағдарламаларда олар аталмаған болатын. Аталғанмен байланысты, қылмыс жасалған әрекетінің сипаты мен қауіптілігіне, оның салдарына, кінәлінің тұлғасына, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын жағдайлардың болуына байланысты қылмыстық жауаптылықтың дифференциациялануымен экологиялық қылмыстардың жазаланушылығы күшейе түсуде. Қылмыстық-құқықтық нормалардың құрылымы адамның өмірі мен денсаулығына экологиялық қылмыспен келтірілген зиянның сипаты мен ауырлығын ескереді. Бұрын Қылмыстық Кодексте табиғи ресурстарды заңсыз иеленгені үшін жауаптылықты қарастыратын нормалар басым болды, ал қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтіретін нормалар аз болды, бірақ олар да қолданылмайтын. Мысалы, соңғы жылдары бір жыл ішінде жасалған экологиялық қылмыстардың ішінде балық аулау броконьерлігіне – 46% тұлғалар, заңсыз аң аулауға – 24,1%, заңсыз орман кесуге – 25,8%, ал су және ауа бассейндерін ластаған үшін барлығы – 1,77% ғана жауаптылыққа тартылды. Бұрын бұл қылмыстар үшін жауаптылыққа тартылатын тұлғалардың саны одан да аз болды. Жаңа Қылмыстық кодексте табиғи ортаға зиян келтірумен байланысты қылмыстар нормасы үш есеге өсті[3].

Қазақстан Республикасында 630 мың метр шаршы жер экологиялық бейберекет аумаққа жатады. Мұнай-газ саласының дамуы, тарихи қалыптасқан тау-кен өндірісі, экологиялық нормаларды өрескел бұзушылықтар, сонымен қатар инвестициялық жобалардың және т.б. экономикалық бағытталуы ауыр экологиялық зардаптарға әкелді – Каспийдің ластануы, орман деградациясына, топырақ эрозиясына, Арал теңізінің тартылуына және т.б. Сондықтан бүгін, нарықтық экономикаға көшу кезеңінде, экономикалық мүдделер адамзаттың экологиялық қауіпсіздігінен басым болғанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы сұрақты қарастыру актуалды болып келеді[4].

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан жер қойнауын пайдалану туралы көптеген шарттар жасасты. Бірақ сол кезде экологиялық нормаларды сақтау проблемалары кең талқыланбаған және шарттық міндеттемелерде бірінші кезекте болмаған. Бүгін бұл көрініс өзгерді. Объективті экологиялық жағдай, сонымен қатар заңның үнемі жаңартылуы жылдан жылға жер қойнауын пайдаланушыларға талаптарын қарастыруды талап етеді. Экономика дамуының осы кезеңінде қоғам мен табиғаттың арасындағы байланысының, соның ішінде жер қойнауын пайдаланудың маңызды және актуалды мәселесі болып қоршаған орта мен адам денсаулығына зиян келтірудің орнын толтыру мәселесі болып отыр. Бұл барлау жұмыстарымен, пайдалы жер қазындыларын алу мен өндіру жұмыстарының өсуімен байланысты. Айқын болғаны, қоршаған ортаға (объектіге) зиян келтіре отырып, адамзат (субъект) қоршаған ортаның бөлінбес бөлігі болып табылады, сөйтіп, өзі де табиғатқа кері әсер етудің объектісі болып табылады.

Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасының Үкіметі 31 қазан 2000 жылы «Қылмыстылыққа қарсы күресті күшейту туралы» қаулысымен бекіткен Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдары қылмыстылықпен күрес бағдарламасын іске асыру барысында, экологиялық құқықтылықты бекіту және азаматтардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері ерекше маңызға ие болды.

Қазіргі кезде экологиялық қылмыстылық деңгейі күрт өсуде, тіпті оның өзіне тән сипаты өзгеріп кетті. Республикада құқыққа қарсы іс-әрекеттердің жана нысандары қалыптасып жатыр, қылмыстылық ұйымдасқан сипат алуда. Қылмыстылық топтардың халықаралық байланысы кеңеюде, олардың лауазымды тұлғалармен сыбайласуы жүріп жатыр. Кейбір экологиялық қылмыстар Қазақстан Республикасындағы ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекеттің негізгі элементі болуы мүмкін деген қауіп бар.

Мысалы, Қазақстан аумағында араб елдерінің жоғары лауазымды тұлғаларының заңсыз аң аулауы кең таралуда. Ол экология және биоресурстар Министрлігінің ғана емес, сонымен бірге ҚР-ның Сыртқы істер министрлігінің рұқсатымен жүзеге асырылды және Сауд Арабиясы, Пәкістан, Ауғаныстан, Түркия, Египет және өзге елдер азаматтарының Қызыл кітапқа енгізілген құстарды республикадан заңсыз шығаруына айналды.

1993-1994 ж.ж. құқық қорғау органдары 114 шетелдікті ұстап, олардан 152 сұңқар алынды. Соңғы уақытта ҚР-ның Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі ҰҚК, ПМ жүргізіп жатқан ҚР-ның қызыл кітабына енгізілген жыртқыш аңшы құстарды және өзге де жабайы аңдарды қорғауға байланысты шараларға қарамастан, мұндай қылмыстылық әлі де белең алып отыр. Мысалы, 1997 ж қазанда Катар (Біріккен Араб Әмірлігі) шейхы бастаған 3 жүк ұшағы, 10 «джип», 22 бірлік қару және 54 балабан-сұңқары бар шетелдіктер ешқандай рұқсатсыз аң аулау үшін кеденнен өткен.

Су жануарларын заңсыз аулау (ҚР ҚК 287-бап) ұйымдасқан қылмыстылықтың негізгі элементі болып кетті. Қылмыскерлер бағалы тұқымды балықтарды заңсыз аулаудың жекелеген түрлерінен бизнес ретінде заңсыз су өнеркәсібімен айналысатын және сыбайлас жемқорлық арқылы әлеуметтік бақылаудан қорғану жүйесін құратын тұрақты басқарушысы бар қауымдастық құруға ұмтылуда. Ғалымдардың болжамы бойынша, Каспий теңізінің жағалауға жақын жерлері броконьерлердің ұйымдасқан топтарының расында бөлінген. Олардың жақсы «қамқоршысы» бар, сондықтан уылдырықты жүздеген кг-мен дайындайды. Қазіргі қылмыстық қауымдастықтың халықаралық байланыс орнатып, әлемдік нарыққа шығу жолын «игергендігін» атап өту керек. Интерполдың мәліметіне сүйенсек заңсыз тауар-уылдырықтың 200 тоннасы жыл сайын әлемдік нарыққа түседі екен. Ол заңды тауардан 50 тоннаға артық. Мұнда біздің балықшы-браконьерлеріміздің де үлесі бар.

Қазақстан Республикасына шет елдерден улы заттарды заңсыз кіргізу қауіпі ұлғаюда. Қазіргі Қазақстанда әлемнің бүкіл атом державалары елдерінің көптеген радиоктивті қалдықтары көмілген деп айтуға болады. Өкінішке орай, барлық дамушы мемлекеттерге тән процесс қайталануда. «Гринпис» ұйымының мәліметі бойынша, 1990 жылдан 1993 жылға дейін Австралия, Британия, Канада, Германия және АҚШ елдерінен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне 5,4 млн. тонна зиянды заттар жіберілген. 1987 жылдан 1994 жылға дейін батыс фирмалары Ресейге 34 млн. тонна зиянды заттар енгізілмек болды.

Өздеріңізге мәлім Ақтөбе облысында мұнай-газ, кен өндіру-байыту, қара металл, бейруда өндіру, теміржол, мұнай-газ тасымалдау кәсіпорындары орналасқан. Табиғатты пайдаланушылар мен оны ластаушыларды тексеру кезінде түрлі қиындықтар кездесті. Қиындықтар көбіне нормативті құжаттардың жан-жақты болмауынан болса, кейбір жағдайда оны дұрыс пайдаланудың мүмкіндігі жоқтығынан байқалды.

Сондықтан бұл тақырыпты толық зерттеуді мақсат етіп алдық. Қоршаған ортаны ластаушыларға екінші рет бұл құқық бұзушылықты жасамас үшін жауаптылықтың қай түрін қолдану тиімдірек болатынын анықтау қажет болып отыр.

Әдебиеттер:

1. И. Сандыбаев. На защите экологий. // Заң және заман № 3/ 2006. (23 бет);
2. Ғ.Т. Медетбекова. Экологиялық құқық бұзушылықтардың қоғамға қауіптілігінің кейбір аспектілері. // Вестник КазГЗУ №1 (33). – (84-86 беттер).
3. Ж.К. Бекмұхамбетов. Заңның әлсіздігі - қоршаған ортаға кері әсерін тигізеді. // «Атамекен» 15 тамыз-1 қыркүйек 2006 ж. – (2 бет);

4. У.Тоқпатаев. Табиғатқа таяныш, қоршаған ортаға қорған болсақ. // Заң және заман №4/2006ж. (28-29 беттер);

ҚАРАҚШЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ БАСҚА ҰҚСАС ҚЫЛМЫСТАРДАН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Надинова К.К.

«Қайнар» Университеті, заң факультетінің магистранты
Ғылыми жетекшісі – з.ғ.д., профессор Қайыржанова С.Е.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, соттар әрқашанда қарақшылықты ұқсас қылмыстардан дұрыс ажыратпайды. Кейбір кездері қарақшылықты пайдакүнөндік адам өлтіруден және бандитизмнен дұрыс ажыратпаудан сот қателіктері көп кездесіп жатады. Сонымен қатар сот тәжірибесінде қарақшылықты тонаумен жиі шатастырады. Кей жағдайларда қарақшылықты өзінше билік етумен және қорқытып алушылықпен шатастыру да болады. Бірақ заң саралауды дұрыс жүргізуді талап етеді. Осы негіздерді есепке ала отырып, қарақшылықты басқа ұқсас қылмыстардан ажыратудың теориялық маңызымен қатар, тәжірибелік маңызы да бар деп есептеймін.

Қарақшылық және бандитизм қылмысының айырмашылығын қарастырып көрейік. Кейбір объективтік белгілеріне қарай қарақшылық бандитизммен ұқсас болып келеді. Бандитизм де қарақшылық сияқты бөтеннің мүлкін иелену мақсатында кейбір адамдарға шабуыл жасау түрінде болуы мүмкін.

Бандитизм топ болып жасалған қарақшылықпен өте ұқсас болғандықтан, сот тәжірибесінде көптеген қиындықтар тудырады. Сот тәжірибесында бандитизмнің белгілері бар қылмысты қарақшылық ретінде санау жағдайлары кездеседі. Сондықтан бұл қылмыстарды жақсы ажырату керек, өйткені, бандитизм қарақшылықтан гөрі қауіпті қылмыс болып табылады, яғни ол қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы бағытталған.

Қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде бандитизм мен қарақшылықты зерттеуге біраз жұмыстар арналған. Бірақ, бұл қылмыстарды ажыратуда әртүрлі талқылау беріледі.

Қарулы шайкамен жасалған қарақшылықты, оған заң аса ауырлататын мән-жайларда неғұрлым қатаң жаза қолданғандықтан, кейбір заңгерлер оны бандитизммен бірге қылмыстардың жиынтығы ретінде саралау керек деген ұсыныс енгізді [1]. Мұнда қарулы шайкамен жасалған қарақшылықты банда түсінігімен біріктіреді, ал негізі кез келген емес, тек тұрақты қарулы шайканы ғана банда ретінде қарастыруға болады.

Басқа зерттеушілер болса, бұл түсініктерді біріктірген жоқ. Олар бандитизмнің белгілеріндегі әрекеттерді екі бөлек қылмыс құрамы ретінде қарастырды – қарақшылық және бандитизм [2].

Біздің ойымызша, егер бандиттік шабуыл жасау, мемлекеттің мүлкін, болмаса адамдардың мүлкін иемдену мақсатында жүзеге асырылса, онда ол толық бандитизмнің құрамын беріп тұр. Сондықтан, оны қарақшылық және бандитизм ретінде қылмыстардың жиынтығымен саралаудың еш қажеттілігі жоқ.

Қарақшылық пен бандитизмнің арасындағы ерекшелікті ең бастысы объектісі арқылы ажырату керек. Бандитизм қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы бағытталған, ал қарақшылық меншікке қарсы бағытталған.

Бандитизм қарақшылықтан құрамындағы объективтік және субъективтік жақтарының бірқатар белгілерімен ажыратылады. Банда – бұл екі немесе одан да көп адамдардың бір немесе одан да көп шабуыл жасау үшін ұйымдасқан тұрақты, қарулы сыбайластық болып

табылады. Сонымен қатар объективтік жағына банда құрып, сол сияқты банданы басқару да жатады. Банданың келесі міндетті белгілері бар:

1. екі немесе одан да көп адамдардың болуы;
2. қаруланғандық (кем дегенде бір банданың қатысушысы);
3. қылмыстық сыбайластықтың тұрақтылығы;
4. мақсат – адамдарға және ұйымдарға шабуыл жасау.

Тек жоғарыда аталған белгілердің барлығы болғанда ғана әрекетті бандитизм ретінде саралауға болады.

Бандитизмдегі қаруланғандыққа банда мүшелерінің кем дегенде біреуінде қарудың болуы жатады. Бандиттік шабуыл жасағанда қару қолданылды ма, жоқ па, еш маңыз болмайды.

Тәжірибеде мынандай жағдайлар кездеседі: белгілі бір қарулы топ біраз уақыттың ішінде бірнеше қарулы шабуыл жасайды, бірақ олар банда болып табылмайды. Мысалы, егер қаруланған қылмысқа қатысушылар бір дегенде екі немесе үш адамға шабуыл жасауға келіссе, бірақ олардың әрекеті белгілі бір уақытша эпизоттық жағдайда болса, және оған қатысушылармен алдын ала ол әрекет жоспарланбаса, онда мұндай топты банда деп қарастыруға болмайды. Мұндай топ тұрақты деп танылмайды, яғни кез келген уақытта ыдырап кетуі мүмкін. Сондықтан мұндай шабуыл сараланған қарақшылықты береді.

Бандитизмде көбінесе қатысушылар, аса қауіпті рецидивистер арасынан алынады, сондықтан ол қауіпті болып табылады. Бандитизм, егер төмендегі әрекеттердің біреуі болса, аяқталған деп танылады:

- 1) қарулы банда құру (қылмыс банданы құрған сәттен бастап аяқталды деп танылады);
- 2) қарулы бандаға қатысу (қылмыс бандаға кірген сәттен бастап аяқталады, яғни қылмыс жасауға келісім берген сәттен);
- 3) мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдарға немесе азаматтарға бандамен шабуыл жасауға қатысу (қылмыс шабуылды бастаған сәттен бастап аяқталған деп есептеледі).

Ал қарақшылық болса, тек шабуыл жасаған сәттен бастап аяқталған деп танылады. Қарақшылыққа дайындалуға байланысты белгілі бір әрекеттерді жүзеге асырса, онда сот қарақшылыққа дайындау ретінде саралауы мүмкін.

Қарақшылық бандитизмнен субъективтік жағынан да ажыратылады. Бандитизм қарақшылық сияқты тек қана тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылады, бірақ бандитизмдегі қасақаналық қарақшылықтағыдан өзгеше. Бандитизмде кінәлі өзінің қоғамдық тәртіпке қарсы ерекше қауіпті қылмыс жасауға ұйымдасқан, қарулы, құқыққа қайшы қауымдастықтың (банданың) мүшесі екенін біледі. Ал қарақшылықта, қылмыскер өзінің шабуылдың қатысушысы екенін (топ болып жасаған қарақшылықта) оның қылмыстық қауымдастық емес екенін біледі. Сонымен қатар қаруланған банда да мемлекеттік, қоғамдық мекемелердің немесе ұйымдардың мүлкін иемдену мақсатымен қатар басқа да мақсаттар болуы мүмкін. Ал қарақшылықта әрқашанда мүлікті иелену мақсаты болады.

Сонымен қарақшылықпен бандитизмнің негізгі айырмашылығы мынада:

- 1) қарақшылық меншікке қарсы бағытталған қылмыстарға, ал бандитизм қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы бағытталған қылмыстарға жатады;
- 2) бандитизм, оны құрған сәттен бастап аяқталған деп есептеледі, ал қарақшылық – адамға шабуыл жасаған сәттен бастап аяқталған деп танылады;
- 3) бандитизмде міндетті түрде тұрақты, қаруланған қылмыстық сыбайластық (банда) болуы керек, ал қарақшылықта ол қаруланған топпен немесе бір адаммен жүзеге асырылуы мүмкін;
- 4) қарақшылық әрқашанда бөтеннің мүлкін иелену мақсатында жасалады, ал бандитизмде пайдакүнемдік мақсаттан басқа, түрлі мақсаттар болуы мүмкін (мысалы, мүлікті жою, зорлау, өлтіру және т.б.).

Енді қарақшылық және тонау қылмысының айырмашылығын қарастырып көрейік. Қарақшылық пен тонау, нақтылап айтқанда күш қолданып жасалған тонау бір-бірімен өте

ұқсас болып келеді. Сондықтан да сот тәжірибесінде қарақшылықты тонау деп, ал тонауды қарақшылық деп саралау жиі кездесіп жатады.

Тонауды біз қарақшылықтың құрамын талдағанда қарастырғанбыз. Бірақ ол толық талдауды қажет етеді, яғни тонауды қарақшылықтан нақты белгілері арқылы ажырату керек.

ҚР ҚК-нің 178-бабында тонау дегеніміз – бөтен мүлікті ашық ұрлау деп анықтама берілген. Оның қоғамдық қауіптілігі меншікке құқықты бұзуынан көрініс табады.

Тонаудың (күш қолданып тонағанда) қарақшылықпен ұқсас жері, ол объектісінде, яғни оның объектісі – меншік, ал қосымша тікелей объект ретінде денсаулық алынады. Бірақ, айырмашылығы қарақшылықтың объектісі меншік және өмір мен денсаулық. Мұнда екі объектінің де болуы шарт, өмір және денсаулық қарақшылықтың екінші маңызды объектісі болып табылады. Тонаудың құрамы құрылымы жағынан материалды, сондықтан да бұл іс-әрекеттің объективтік жағын:

- а) қоғамға қауіпті әрекеттер;
- б) қоғамға қауіпті салдарлар;
- в) солардың арасындағы себепті байланыс құрайды.

Ал қарақшылық құрамы құрылымы жағынан формальді болып табылады. Мұнда зиянның орын алуы міндетті емес.

Тонау қарақшылықтың жеңіл түрі десе де болады. Мысалы, өмірге және денсаулыққа қауіпті емес күш қолдану арқылы тонау, айыптының мүлікті өзінде ұстап қалу мақсатында қарақшылыққа ұласуы мүмкін, яғни өмірге және денсаулыққа қауіпті күш қолданылуы мүмкін.

Жәбірленушінің денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті емес күш қолдану деп – кіші-гірім жарақат, қанталау, дене тырналуы түрінде денсаулыққа келтірілген жеңіл зиянды түсіну керек. Адамның жанына бататын, бірақ жарақат қалдырмайтын ұрып-соғу немесе өзгедей күш қолдану әрекеттері де сондай зорлыққа жатады. Бөтен мүлікті иелену үшін жәбірленушіні бостандықтан айыру немесе бостандығын шектеу, байлап тастау, ұстап тұру және басқадай да айыпты қолданған әрекеттер де денсаулыққа немесе өмірге қауіпті емес зорлықтар қатарына жатады.

Сол сияқты жәбірленушінің организміне, оның еркінсіз өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күшті әсер ететін улы, есеңгірететін заттарды енгізу тонау ретінде сараланып, ал егер ол оның өмірі мен денсаулығына қауіпті болса, ол қарақшылық ретінде саралануға тиіс [3].

Сонымен қарақшылық пен тонаудың негізгі айырмашылығы мынада:

1) тонаудың объектісі – меншік, қосымша объектісі ретінде (күш қолданып тонағанда) адамның денсаулығы болуы мүмкін, бірақ бұл әрқашанда 2 объекті бірдей болады дегенді білдірмейді, тонау күш қолданбай да жасалына береді. Ал қарақшылықта міндетті түрде екі объектінің де болуы керек;

2) тонаудың құрамы құрылымы жағынан материалды, яғни міндетті түрде залалдың орын алуы шарт. Ал қарақшылық формальдік құрамға жатады, яғни мұнда залалдың орын алуының қажеттілігі жоқ, тек шабуыл жасаған сәттен бастап қылмыс аяқталған деп деп танылады;

3) күш қолданып жасалған тонау қарақшылықтағы сияқты физикалықпен қатар психикалық та болуы мүмкін. Бірақ ол адам өмірі мен денсаулығына қауіпті емес болуы керек. Ал қарақшылықта күш қолдану адам өмірі мен денсаулығына қауіпті болып табылады, яғни қарақшылық қоғамдық қауіптілігі жағынан ауыр болып келеді.

Енді қарақшылық және пайдакүнемдік адам өлтіру қылмысының айырмашылығын қарастырып көрейік. Бөтеннің мүлкін иелену мақсатында адам өлтіру, екі бөлек қылмысты құрайды.

Мұндай саралау, ауыр қылмысты, одан неғұрлым жеңіл өзіне сіңіре алмайтындықтан болып отыр. Қазіргі қылмыстық кодексте тек өмірге және денсаулыққа қауіпті күш көрсету туралы айтылған. Бірақ өмірге қауіпті және өмірін қию бір түсінік емес екенін есте сақтау керек.

Профессор Н.И. Загородниковтың айтуы бойынша “қасақана адам өлтіру ауыр қылмыс ретінде одан жеңіл, яғни қарақшылық сияқты қылмыстың бір бөлігі бола алмайды. Сондықтан бөтеннің мүлкін иелену мақсатында адам өлтіру, адам өлтірудің сараланған құрамын береді. Сонымен қатар, ғалымның ойы бойынша, бөтеннің мүлкін иелену мақсатымен шабуыл жасауда, жәбірленушіге өлім әкеп соқса, онда ол пайдакүнемдік мақсаттағы адам өлтірудің құрамын бере алмайды. Сондықтан, бөтеннің мүлкін иелену мақсатында шабуыл жасау, қосымша қарақшылық құрамымен саралауды қажет етеді” [4].

Шабуыл жасаумен ұштасқан адам өлтіруді қарақшылық және пайдакүнемдік адам өлтіру деп саралаудың тәжірибелік маңызы зор. Өйткені, адам өлтірудің сараланған құрамы үшін он жылдан жиырма жылға дейін немесе өмір бойына бас бостандығынан айырылады. Сондықтан адам өлтірудегі санкция қарақшылықтағыға қарағанда ауыр болып табылады. Сонымен қатар ҚҚ-тің 2 бөлімінің санкциясы балама ретінде өмір бойына бас бостандығынан айыруды көздейді.

Егер пайдакүнемдік адам өлтіру шабуылсыз басталған болса, онда ол ҚҚ-тің 96-бабының 2-бөлігі бойынша саралануы тиіс. Егер, қарақшылық шабуыл жасалғаннан соң, адам қасақана өлтірілсе, онда ол пайдакүнемдік адам өлтірумен қатар, қарақшылықпен де саралануы тиіс. Сонымен бірге, қарақшылық жасаудағы адам өлтіру ойының басталуының еш маңызы жоқ. Ол шабуыл жасау алдында немесе оны жасау процесінде болуы мүмкін.

Мұндағы маңыздылық, тек кінәлінің бөтеннің мүлкін иелену ойы адам өлтіру басталғанға дейінгі болғанын анықтау керек. Егер жәбірленушінің мүлкін иелену ойы кінәліде оны өмірден айырған соң пайда болса, онда ол қарақшылық құрамын береді.

Сот тәжірибесі және теория пайдакүнемдік мақсатпен адам өлтірудің келесі түрлерін ажыратады: мұра алу мақсатында адам өлтіру, қарыздан немесе алимент өндіруден босату, тұрғын алаңға құқық алу, қызметті иелену, сыйақыға адам өлтіру және т.б. адамға шабуыл жасауды жоққа шығаратын адам өлтіру (улап, тұншықтырып, қылқындырып, газбен және т.б.).

Пайдакүнемдік мақсатпен адам өлтіру сияқты, үйде бір-бірінің мүлкін иелену мақсатында өлтіру де бағалануы тиіс.

Кейбір авторлар пайдакүнемдік адам өлтіру мен қарақшылық шабуылы кезіндегі адам өлтіруді ажыратуда мынандай тұжырымды ұстанады, яғни шабуыл егер ашық жасалса, қарақшылық деп, ал егер жасырын жасалса – пайдакүнемдік адам өлтіру деп қарастырады. Мұндай көзқарасты А.А. Пионтковский және М.М. Исаев ұстанды [5].

Осы жағдайларды негізгі ала отырып, қарақшылықтағы адам өлтірумен пайдакүнемдік адам өлтірудің арасындағы айырмашылықты мынадан көруге болады:

1. Қарақшылықпен адам өлтіруде әрекет әрқашанда адамға шабуыл жасау арқылы жүзеге асырылады, ал пайдакүнемдік адам өлтіруде әрекет әрқашанда шабуыл түрінде болмауы мүмкін.

2. Қарақшылық шабуылы кезіндегі адам өлтіруде екі бөлек қылмыс құрамы болады және олар қылмыстардың жиынтығы бойынша сараланады, ал пайдакүнемдік адам өлтіру, қарақшылық шабуылы болмағанда, тек бір ғана баппен сараланады.

Ал енді қарақшылық пен бұзақылық қылмысының айырмашылығын қарастырып көрейік. Қарақшылық пен бұзақылықтың объективтік жағынан, ұқсас болуы, кейбір жағдайларда оны соттардың дұрыс бағаламауына әкеліп соқтырады.

Бұзақылықтың объектісіне байланысты Н.Д. Дурманов былай дейді: “Бұзақылықтың объектісі – бұл қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті сақтау. Бірақ бұзақылар көп жағдайда адамның денсаулығына және оның меншігіне қол сұғады” [6]. Бірақ олар бұл объектілерге қол сұқпауы да мүмкін. Ал қарақшылық міндетті түрде адамның өмірі мен денсаулығына және меншікке қол сұғады.

Бұл қылмыстардың ерекше айырмашылығын объективтік жағынан көруге болады.

Бұзақылық бұл қоғамдық тәртіпті анық бұзудың және қоғамды құрметтемеудің белгісі. Ал қарақшылық болса, жәбірленушінің мүлкін иелену мақсатында, өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті күш қолданудан немесе осы сияқты күш қолданамын деп қорқыту

арқылы шабуыл жасаудан көрініс табады. Сондықтан бұл жердегі шабуыл жасау – мүлікті иеленудегі мақсатқа жету құралы болып табылады.

